БЕКІТЕМІН:
«Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК директоры
_____ Цай А.А.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт
Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданының білім бөлімінің
«Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
2025 жыл

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші – Қарағанды облысының білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғамдық қатынастардың жекелеген саласы үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің міндеттері:
1) қоғамдық қатынастардың жекелеген саласында жұмыс істейтін адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;
2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:
1) заңдылық;
2) ашықтық;
3) әдептілік;
4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғамдық қатынастардың жекелеген саласында жұмыс істейтін адамдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдарды айқындайды.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша мынадай тікелей іс-әрекеттер алынған:
1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қозғайтын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде;
3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау кезінде;
4) тиісті қызмет саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастар кезінде.

2. Жекелеген қоғамдық қатынастар саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлқы (іс-әрекеті) стандарттары (ұсынымдары)

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қозғайтын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:
1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдары мен Президентінің, Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу;
2) Қазақстан халқының бірлігін және елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа да тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау;
3) Жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, жалпыға ортақ моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;
4) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;
5) Өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқы арқылы қоғам тарапынан сынға негіз болмау, сын айтқаны үшін құдалауға жол бермеу, сындарлы сынды кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін пайдалану;
6) Жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
7) Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;
8) Заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеу;
9) Мемлекеттік органда еңбек заңнамасының және мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын, еңбек тәртібі мен жағдайларының сақталуын, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулердің орындалуын қамтамасыз ету.

9. Мемлекеттік қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру кезінде:
1) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;
2) Қызмет алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы толық және шынайы ақпаратты қолжетімді нысанда ұсыну;
3) Мемлекеттік қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру барысында көзделмеген құжаттарды талап етуге, сондай-ақ кез келген бюрократиялық созбалаңдыққа жол бермеу;

4) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеу жағдайлары туралы басшылыққа баяндау;
5) Мемлекеттік қызметтер көрсету процесін тұрақты жетілдіруді, оларды көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз ету.

10. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:
1) Мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау;
2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
3) Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;
4) Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
5) Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің және (немесе) олар тартатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) қатысуына жол бермеу.

11. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:
1) Қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысы, жеке мүдделілік туындағаны, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына және сыйлықтар алуға итермелеу фактілері туралы тікелей немесе жоғары тұрған басшыға баяндау;
2) Жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
3) Лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу мақсатында әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеу және қызметтік міндеттеріне жатпайтын қызметтер көрсетпеу;
4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды әшкерелеуге белсенділік таныту;
5) Өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды жедел қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға немесе жұмысты созбалаңға салуға итермелеу жағдайлары туралы басшылыққа баяндау;
6) Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән туындаған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша түрде хабарлау;
7) Тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған жағдайда жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;
8) Кіріс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден тартыну.

12. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:
1) Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және талқылау процесіне жұртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету;

2) Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің құқықтық актілерге мониторинг жүргізуін үйлестіруді және тиісті есептерді тұрақты негізде дайындауды қамтамасыз ету;
3) Әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жібергенге дейін «Ашық нормативтік құқықтық актілер» интернет-порталында жария талқылау үшін орналастыру;
4) Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау.

13. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде:
1) Тағайындауға арналған материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау;
2) Ұйымға қызметке (жұмысқа) қабылдау кезінде лауазымды адамдарға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
3) Кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;
4) Мемлекеттік қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
5) Қызметке (жұмысқа) үміткерлерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;
6) Қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

14. Қызмет саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:
1) Бағынысты лауазымды адамдардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және айқын белгілеу;
2) Бағынысты лауазымды адамдар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;
3) Олардың қызмет нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану кезінде әділдік пен объективтілікті таныту;
4) Бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік көрсетуге, адамдық қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздікке және әдеп нормаларын бұзуға жол бермеу;
5) Орындау мүмкін емес немесе олардың лауазымдық міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;
6) Қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағынысты қызметкерлердің қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
7) Бағынысты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға мәжбүрлемеу;
8) Әріптестерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу үшін уақтылы және түбегейлі шаралар қабылдау;
9) Мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, меншікті, оның ішінде автокөлік құралдарын қызметтік мақсатта ұтымды әрі тиімді пайдалану.